

3. Myxamedshanova C.T., Meldebekova M.T. *Pedagogtardun aqparattuu-kommunikazialuu texnologialardu qoldqny boiunsha qusurluqtarun qaluptacnury adictemeci*. Almatu: SHC «Daiur Bacpa», 2010

4. Grin N.V. *Myltimedia kak credctvo media obrasovania pri ovyshenii detei // V mire nayshnux otrutii*. -2018.- 3.- C.26-351.

5. Caburov D. *Oqy-tarbie ydericinde bilim berydi aqparattandurydu qoldany*. - Almanu: Mektep, 2016.- 110 b.

6. Byzaybaqova K.J. *Jana pedagogikaluu texnologialar*. - Taras: TarMY, 2013.-208 b.

7. Kenecbaev C.M. *Jogaru pedagogikaluu bilim beryde bolashaq mygalimderdi jana aqparattuu texnologiana paidalana bilyge daiarlaydun pedagogikaluu negisderi*. - Almatu: Mektep. 2007.-244 b.

8. Ydod I.V. *Icpolzovanie covremennux myltimedinux texnologii v yshebном processe // 2016 (statya-ispolzovanie...uchebном-processe...)*

9. Barteneva T.P. *Snashenie icpolzovanie IKT v prozecce rasvitia doshkolnikov // T.P. Barteneva // 2012. (<http://1september.ru/>)*

10. Abdramanova G.B. *Oqy yrdicinde myltimedia texnologialarun qoldany // Molodoi yshenui*. — 2015. — № 7.1 (87.1). — С. 8-9. — URL: <https://moluch.ru/archive/87/16654/>

МРНТИ:14.29.29

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.26>

Ибатова Г.Б.,<sup>1\*</sup> Самова А.Қ.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ, Қазақстан

## ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын эксперименталды қалыптастыру жолдары ұсынылған. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру мәселесі маңызды. Біздің зерттеуіміз бойынша қазіргі уақытқа дейін жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері және дамыту жолдарын анықтау мәселесіне жеткілікті түрде назар аударылмағаны айқындалып отыр.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы соңғы жылдары тіл кемшіліктерінің ішінен жиі кездесетін және күрделі бұзылыс болып есептеледі. Онда балалардың есту қабілеті және зиятының дамуы қалыпты, алайда сөйлеу тілінің барлық құрама компоненттері қалыптаспаған болып келеді, атап айтқанда сөз қоры, дыбыстық жағы, грамматикалық құрылымы. Ал грамматикалық құрылымы түсінігіне балалар тілінің сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау дағдылары кіреді. Баланың тіл дамуында ерекше рөлге сөзжасам мен сөзөзгерту ие. Сөзжасам бір жағынан сөздік қорды молайтудың ерекше жолы, яғни тілдің сөздік құрамын толықтыру құралы болса, екінші жағынан тілдің морфологиялық жүйесінің құрама бөлігі болып табылады, себебі сөзжасам морфемалардың түрлі тәсілдермен қосылуы арқылы жасалады. Аталған балаларда сөзжасам дағдылары жетілмеген болып келеді. Ол өз кезегінде балалардың байланыстырып сөйлеуіне, еркін түрде сөз арқылы қарым-қатынасқа түсуіне, әлеуметтенуіне кедергі жасайды.

Ол дағдыларды арнайы логопедиялық жұмыста дамытып, жетілдірумен айналысу аса маңызды. Сондықтан, біз мақаламызда ғылыми зерттеуіміздің бір бөлігі – жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам білік, дағдыларын қалыптастыру жолдарын ұсынып отырмыз.

**Түйін сөздер:** жалпы сөйлеу тілінің дамымауы, логопедиялық педагогикалық жұмыс, сөзжасам білік пен дағдылары, сөз түбірі, туынды сөз.

*Ибатова Г.Б.,<sup>1</sup> Сатова А.Қ.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, Алматы*

## **ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ СЛОВООБРАЗОВАНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ С ОБЩИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ РЕЧИ**

### *Аннотация*

В статье рассматриваются данные экспериментальных исследований эффективности путей формирования навыков словообразования у дошкольников с общим недоразвитием речи. Проблема формирования у дошкольников с общим недоразвитием речи навыков словообразования является очень важной. По нашим наблюдениям, до настоящего времени недостаточно исследований, касающихся особенностей и путей формирования навыков словообразования у дошкольников с общим недоразвитием речи.

В целом общее недоразвитие речи является одной из самых распространенных и серьезных нарушений речи в последние годы. При нормальном развитии слуха и интеллекта у детей не сформированы все компоненты речи, в частности словарный запас, звуковой, грамматический строй. Понятие грамматического строя включает в себя языковые навыки детей словообразования, словоизменения, построения предложений. У этих детей несовершенные навыки словообразования. Это, в свою очередь, мешает детям свободному речевому общению и социализации. Особую роль в развитии речи детей играет словообразование или словотворчество. Словообразование представляет собой, особый путь обогащения словаря, одно из основных средств пополнения словарного состава языка, а также оно является составной частью морфологической системы языка, так как словообразование происходит путём соединения, комбинирования морфем.

Важно развивать и совершенствовать эти навыки в специальной логопедической работе. Поэтому, в нашей статье мы представляем часть нашего исследования – пути формирования словообразовательных навыков у дошкольников с общим недоразвитием речи.

**Ключевые слова:** общее недоразвитие речи, логопедическая педагогическая работа, словообразовательные навыки, корень слова, производное слово.

*Ibatova G.B.,<sup>1</sup> Satova A.K.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty*

## **WAYS OF FORMING WORD-FORMATION SKILLS IN PRESCHOOLERS WITH GENERAL UNDERDEVELOPMENT OF SPEECH**

### *Abstract*

The article discusses the data of experimental studies of the effectiveness of ways to form word formation skills in preschoolers with general speech underdevelopment. The problem of the formation of word formation skills in preschoolers with general underdevelopment of speech is very important. According to our observations, there is still insufficient research concerning the features and ways of forming word formation skills in preschoolers with general speech underdevelopment.

In general, the general underdevelopment of speech is one of the most common and serious speech disorders in recent years. With the normal development of hearing and intelligence, children do not have all the components of speech, in particular vocabulary, sound, grammatical structure. The concept of grammatical structure includes the language skills of children of word formation, inflection, sentence construction. These children have imperfect word formation skills. This, in turn, prevents children from free speech communication and socialization. Word formation or word-making plays a special role in

the development of children's speech. Word formation is a special way of enriching the dictionary, one of the main means of replenishing the vocabulary of the language, and it is also an integral part of the morphological system of the language, since word formation occurs by combining morphemes.

It is important to develop and improve these skills in special speech therapy work. Therefore, in our article we present a part of our research - ways of forming the word-formation skills of preschoolers with general speech underdevelopment.

**Keywords:** general underdevelopment of speech, speech therapy pedagogical work, word-building skills, word root, derived word.

**Кіріспе.** Адамның дамуының ең маңызды сипаты – сөйлеу тілінің негізгі қасиеттерінің бірі ретінде қалыптасуы. Сөйлеу тілінің дамуы бала өмірінің алғашқы күндерінен бастап, оның даму ерекшеліктеріне сәйкес, міндеттерді бірте-бірте күрделендіріп отыру өте маңызды. Бірақ баланы дұрыс тәрбиелеу, оның сөйлеу тілін әлеуметтенудің маңызды факторы ретінде қалыптастыру үшін оның даму процесінде баламен болатын процестерді түйсінуге қажет. Егер балада сөйлеу тілінің дамуында проблемалар болса, оны ерте кезеңде анықтау өте маңызды. Сөйлеу тілі тек қарым-қатынас құралы емес, ол ойлауды дамыту және жаңа білім мен дағдыларды меңгеру тәсілдері болып табылады.

Бала дүниеге дайын, дамыған тілмен келмейді, бала тілі оның қоғамдағы өмірі барысында қалыптасады. Тілдің қалыпты жағдайда дамуында мектеп жасына дейінгі балалар жеті-сегіз жасқа жеткенде сөзжасау ережелерін меңгереді, оларда өз кезегінде сөзден морфемаларды ажырату икемі дамиды. Сөз тасқынында баланың морфемаларды ажырату процесі сөз таптарының жетілуімен өзара байланысты А. Н. Гвоздев [1].

Сөзжасам мәселелері көптеген жылдар бойы ғалымдардың қызығушылығын тудырды. Онтогенезде тілдің сөзжасамдық жүйесінің қалыптасуының негізгі заңдылықтарын, реттілігі мен кезеңдерін ресейлік ғалымдар В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Е.С. Кубрякова, А.А. Леонтьев, А.Г. Арушанова [2], Е.Н. Негневицкая, Ф.А. Сохин, А.Г. Тамбовцева, Т.Н. Ушакова, С.Н.Цейтлин, К.И. Чуковский, А.М. Шахнарович [3], Т.В.Туманова [4], Д.Б. Эльконин және отандық Т.Т.Аяпова [5], Ж.Т.Тасжүрекова, Қ.Қ. Өмірбекова, А.Д.Сейсенова, Г.Б. Ибатова [6] т. б. атаған. Сөзжасамға аса назар аударудың маңыздылығы оның бала тілінің және тіл арқылы қарым қатынас жасауының дамуында ерекше рөл атқарумен қатар, грамматикалық жүйені меңгерудің, жазбаша сөйлеу тілінің қалыптасуының алғышарттары болып табылады.

Сөзжасам процесі бала тілі дамуының әрбір кезеңінде сөздік қордың дамуымен байланысты жүреді. Лексикалық және сөзжасамдық деңгейлер қалыпты баланың екі жарым жасынан жеті жасқа дейін динамикалық өзара әрекеттес, әрбір жас кезеңдері жетекші болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілді меңгеру процесінде жетекші болатыны лексикалық деңгей, кейін бұл рөлді сөзжасамдық деңгей иеленеді.

Балалар тілінің дамуында ерекше рөлге сөзжасамның ие болуының бірнеше себептері бар. Сөзжасам сөздік қорды молайтудың ерекше жолы, сонымен қоса тілдің морфологиялық құрылымының құрама бөлігі болып табылады, себебі, сөзжасам морфемалардың қосылуы арқылы іске асырылады. Сөздің жасалу процесінде туынды сөз пайда болады, яғни баланың сөздік қоры жаңа сөзбен молайды, таным процестері дамиды, бала құрдастарымен, ересектермен ерікті түрде қарым қатынасқа түседі, әлеуметтенеді.

Жаңа сөзді жасау процестерін төмендегідей қарастыруға болады:

1. аналогия бойынша, туынды сөз лексикалық үлгіге сай жасалады;
2. корреляциялық, оның негізінде туынды сөз жасаудың қарапайым ережелерін білу мен қолдануға сүйенетін күрделі аналогия жатыр;
3. дефиниционды. Затты немесе құбылысты айтпас бұрын, ол туралы айту, белгілі қасиеттер мен сапаны қосып айту (Е.С.Кубрякова бойынша).

Олардың алғашқысы (бойынша) - сөзжасам қатар моделін білумен, екіншісі (корреляциялық) – жүйелі түрдегі сөзжасам корреляциясын білумен, үшіншісі (дефиниционды) – затты сипаттамудан оның атау моделін білумен қамтамасыз етіледі.

С.Н.Цейтлиннің пікірінше, деривациялық процестерді сипаттайтын үлгі ретінде балалардың инновацияларын (жанашылдықтарын) алуға болады. Ол – бала күнделікті сөйлеуінде қолданбайтын, алайда бір жауабында көрініс тапқан кез келген сөзі. Автор инновациялардың төмендегідей типтерін көрсетіп отыр:

- сөзжасаушы;
- формажасаушы (морфологиялық);
- лексикалық- семантикалық;
- синтаксистік;
- ересектің сөздерінің түрлі модификациялары.

Бала тіліндегі инновацияларды кеңінен таралу себебі С.Н.Цейтлин [7], бала тілді меңгеру ерекшеліктеріне, бұл процестің күрделілігі мен көп сатылылығына байланысты дейді. Себебі бұл процесс тіл механизмінің күрделілігімен және баланың тіл операцияларының ерекшеліктерімен негізделген. Балада жаңа сөздердің пайда болу себебін автор, «тіл жүйесінің қысымы» және оның салдарынан баланың меңгерілетін тіл жүйесінің ережелеріне еріп кетуінен көреді. Бұл ережелерге сәйкес балалар тіл белгісінің мәні мен формасы арасында нақты симметриялық қатынастарды орнатуға тырысады.

Алайда, жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда бұл дағдылары қалыптаспаған болып келеді.

Біздің зерттеу тақырыбымыз мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жолдары болғандықтан, аталған тіл кемшілігіне анықтама беріп кетейік. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы – ол есту қабілеті және зиятының дамуы қалыпты, бірақ сөйлеу тілінің барлық құрама компоненттері, атап айтқанда дыбыстық жағы, грамматикалық жағы (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау дағдылары) қалыптаспағандығы. Мақалада біз осы дағдыларды әртүрлі тиімді ойындар мен әдістері арқылы қалыптастыру жолдарын ұсынып отырмыз.

**Зерттеу материалдары және әдістері.** Біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негіздері болып жалпы және арнайы педагогиканың, лингвистиканың концепциялары болып табылады: онтогенезде сөйлеу тілінің қалыптасу заңдылықтары, жалпы сөйлеу тілі дамымауының құрылымы мен белгілері жөніндегі заманауи көзқарастар.



Мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасамына аса назар аударудың маңыздылығы, оның бала тілінің және тіл арқылы қарым- қатынас жасауының дамуында ерекше рөл атқарумен қатар, грамматикалық жүйені меңгерудің, жазбаша сөйлеу тілі қалыптасуының алғышарттары болып табылады. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы соңғы жылдары тіл кемшіліктерінің ішінен жиі кездесетін және күрделі бұзылыс болып есептеледі [8]. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауында мектеп жасына дейінгі балаларда есту қабілеті және зиятының дамуы қалыпты, алайда сөйлеу тілінің барлық құрама компоненттері қалыптаспаған болып келеді, атап айтқанда сөз қоры, дыбыстық жағы, грамматикалық құрылымы. Грамматикалық құрылымы түсінігіне сөйлеу тілінің сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау дағдылары кіреді. Аталған тіл кемшілігінде балаларда сөзжасам дағдылары жетілмеген болып келеді. Ол өз кезегінде балалардың байланыстырып сөйлеуіне, еркін түрде тілі қалыпты дамыған құрдастарымен, ересектермен сөз арқылы қарым- қатынасқа түсуіне, әлеуметтенуіне кедергі жасайды [9]. Сол себепті ондай дағдыларды арнайы логопедиялық жұмыста дамытып, жетілдірумен айналысу өзекті.

Жоғарыда айтылғандай, мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру мәселесі маңызды. Қазіргі уақытқа дейін жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері және дамыту жолдарын анықтау мәселесіне жеткілікті түрде назар аударылмағанын байқадық.

Сондықтан, біздің зерттеу жұмысымыз жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арналған көрнекілік-графикалық әдіс-тәсілдерді жүйелеп, тәжірибе жүзінде тексеріп, тиімділігін анықтауға бағытталды.

Қалыптастырушылық оқыту барысында мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам түсініктерін, білік пен дағдыларын қалыптастыру үшін төмендегі көрнекілік-графикалық белгілер жүйесі мен әдістер қолданылды:


1. Заттың көлемінің белгісі (зат есімдерді кішірейткіш мән беретін жұрнақтармен өзгерту және ажырату үшін).




сандық

сандықша

2. Сөз негізі және жаңадан жасалған сөздердің ұзындығының айырмашылығын белгілеуге (тірек-белгілер) арналған ұзындығы әр түрлі жолақшалар.



етік  
жұмыс



етікші  
жұмысшы

3. Графикалық белгісі-боялған ұзындығы әр түрлі жолақшалар. Аталған белгілер балаға сөз негізі мен жаңадан жасалған сөздің жалпы (түбірін) бөлігін көрнекі түрде бөліп белгілеу үшін қолданылды.



орман



орманшы


4. Іс-әрекетті орындаушы адамның белгісі. Аталмыш белгі іс-әрекетті орындаған адамның атауын айту үшін қолданылады (етікші, сылақшы, егінші, түйеші, жылқышы т.б.).




5. «Салғыш» ыдыс белгісі. Ыдыстардың атауын жаңа сөздермен атағанда қолданылады (қант сал-ғыш, нан сал-ғыш, май сал-ғыш, тұз сал-ғыш).



6. Кез келген әрекетті (би-биле, бас-баспа, тас-таста, ал-алма) белгілеуге арналған белгі. Осы белгі жалпы сөйлеу тілінің дамымауында логопедиялық әсер студия дәстүрлі әдістемесінен алынған.



7. Үйретілген бірнеше сөзден құралған сөзжасам ұясын талдауға арналған сызба.



8. Сөзжасам ұясын нақты талдау сызбасы.

Сызба түрінде бейнеленген сөзжасам «ағашы» алғашқы демонстрация кезінде және бір сөзжасамдық ұядағы түбірлес сөздердің арасындағы ұқсастықты түсінуін бекіту үшін қолданылды.

Оқулық

Оқу

оқыма




оқушы

оқыған


оқытушы

9. Күрделілік деңгейі әр түрлі көрнекілік-графикалық сөзжасамдық теңдеулер. Олар жаңа сөздің құрылымы мен оның жасалу тәсілін демонстрациялайды. Аталған сөзжасам теңдеулерін қолдану сөздің морфемдік құрамында бағдарлау және сөздің формантты бөліктерін бөлу дағдыларын бекітуге мүмкіндік береді. Бір сөзжасамдық модель бойынша құралған теңдеуді қолдану тапсырманың типіне байланысты өзгертілуі мүмкін. Мысалы:


а) теңдеудің негізгі моделі, оның мынандай құрамы белгілі:




ә) теңдеудің трансформалды моделі. Онда сөздің белгісіз аффиксін белгілеу керек:



б) теңдеудің трансформалды моделі. Онда әрекет жасаушының белгісіз атауын белгілеу керек:



в) теңдеудің трансформалды моделі. Онда сөздің белгісіз түбір бөлігін белгілеу (табу) қажет.



**Зерттеу нәтижелері және талқылануы.** Сөзжасам түсініктерін, білік пен дағдыларын қалыптастыру үрдісінде қолданатын көрнекілік-графикалық белгілер жүйесімен қатар, ЖСТД балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жұмысында қолданылатын тапсырмалар ретінде әдістемелік ойындар құрастырылды. Ойын тапсырмаларды құру барысында біз балалардың жас ерекшеліктеріне, сөйлеу мүмкіндіктеріне, тапсырмаларды қалай түсінетініне, белсенді және енжар сөз қорының қалпына назар аудардық; осы мақсатта төрт тапсырма бойынша суреттер ұсынылды. Тапсырмалар ауызша және көрнекілік арқылы берілді.

*1 тапсырма*

Ойын «Мұқият бол».

Мақсаты: Зат есімнің *-ша, -ше, -шік* кішірейткіш мән беретін жұрнақтарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Нұсқау: Мұнда екі дөңгелек берілген. Біреуі кіші, екіншісі үлкен. Осы үлкен дөңгелекке үлкен заттарды, кіші дөңгелекке кіші заттарды атып қойып шық.

Балаға ұсынатын заттық суреттер (сөздер): көрпе, жалау, қап, үй, кеуде, қобди.

*2 тапсырма*

Мақсаты: Зат есімнен кәсіп иесінің атауын білдіретін – *ші, -шы* жұрнақтарын қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Нұсқау: Мұнда екі пойыз бар. Біреуі ұзын, екіншісі қысқа. Осы пойыздардың біріне ұзын сөзді, екіншісіне қысқа сөзді қойып атап бер.

Балаға ұсынатын заттық суреттер (сөздер): етікші, домбарашы, биші, қойшы, тігінші, сиыршы.

*3 тапсырма*

Мақсаты: Түбірлес сөзжасам дағдысын қалыптастыру.

Нұсқау: Мұнда бес түйе бар. Біреуі - *лық* болса, екіншісі - *шек*, үшіншісі –*шең*, төртіншісі-*ке*, бесінші түйе- *шік*. Берілген сөзді осы түйелердегі сөздерге қосып айт.

Балаға ұсынатын заттық суреттер (сөздер): іні, бала, шеше, күрке, сөз, май.

*4 тапсырма*

Мақсаты: Зат есімнен сын есім жасау дағдысын қалыптастыру.

Нұсқау: Мен саған сөздер айтамын. Сен сол сөздерге –*дай, -дей, -тай, -тей* қосып айт.

Балаға ұсынатын заттық суреттер (сөздер): гүл, тас, мұз, көбелек, тау, асық

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жолдарының бірі ретінде көрнекілік-графикалық белгілер жүйесімен қатар, дидактикалық ойындар құрастырылды және балалардың оны орындау ерекшеліктері анықталды.

Онда «Мұқият бол», «Сөзді қалай жасадық?», «Мен айтамын, сен жалға», «Қосып айт» ойындары қолданылды. Бұл ойындардың мақсаты: балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру.

Сипаттамасы: бірінші ойын бойынша, балаларға екі қоржын беріледі. Біреуі кіші, екіншісі үлкен. Сонымен қоса, заттық суреттер ұсынылады. Балаларға заттық суреттердің кішісі кіші қоржынға, ал үлкенін үлкен қоржынға қою ұсынылады. Суреттерді қоржынға қойып болған соң, оларды атап беруі талап етіледі. Мысалы: Үлкен қоржынға қойған суреттерді атап шықшы! «Үлкен қоржында - көрпе, жалау, қалақ т.с.с» жауап берді. Ал енді, кіші қоржындағы заттарды аташы: көрпеше, жалауша, күрекше т.с.с.

Тапсырманы орындау барысында балаларға *-ша, -ше, -шік* жұрнақтары арқылы сөздердің кішірейтілген реңк мәні туатындығы жайлы түсіндіріледі. Сонымен қоса, ол сөздердің екі бөліктен тұратындығы көрсетіліп, түсіндіріледі.

Келесі ойын «Сөзді қалай жасадық?». Мақсаты: сөзжасам дағдыларын қалыптастыру. Бұл ойынның барысында балаларға мамандық және кәсіп иелерінің суреттері мен заттық суреттер беріледі. Осы суреттерді сәйкестендіре отырып, бала сөзді атайды. Сөздің құрамдық бөліктерін ажыратып, қанша бөліктен тұратындығы мен жұрнақтар арқылы сөздің өзгергендігі жайлы түсіндіріледі. Түсіндірілген мағлұмат бойынша балалар тапсырманы өз бетімен орындайды.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жұмысы барысында біздің анықтағанамыз:

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда зат есімдерден етістік тұлғаларын жасау дағдылары қалыптасқан кішірейткіш мән беретін жұрнақтардың көмегімен жасалған зат есімдерді қолдану балалардың көпшілігінде қалыптасты: *кітап – кітапша; қап – қапша, үй – үйшік, кілем-кілемше, таяқ-таяқша*. Жинақтық сан есімдерді –*еу* жұрнағы арқылы жасауы дамыған: *бір – біреу, екі – екеу, төрт – төртеу, бес – бесеу*; қатыстық сын есімдердің жасалуы: *суы жоқ жер – сусыз жер, қатыстық сын есімдердің жасалуы: мереке – мерекелік, мемлекет – мемлекеттік, жыл – жылдық; қатыстық сын есімдердің жасалуы: тоғайы көп жер – тоғайлы жер, күші көп бала –*

күшті бала; зат есімнен сын есім жасауы қалыптасты: көк-көгілдір, су-суық, қыс-қыстық, жаз-жаздық т.б.

Етістіктерді, мамандық атауларынан сөзжасауда бәрін дұрыс орындады, бірақ күнделікті естімейтін сөзден жаңа сөз жасауда (комбайншы) немесе спорт түрі бойынша спортшылар атауын (жүзгіш, футболшы) білдіретін зат есімдерді қолдануда бір ғана балада қателер байқалды. Балалардың сөздік қорында біріккен сөздерден жаңа сөзжасауы қалыптасты (күрке+тауық, қол+хат, алты+бақан, тас+бақа). Мамандық атауларын білдіретін зат есімдерді және күрделі сын есімдерді жасауға берілген тапсырмаларды балалар мүдірмей орындады.

Алайда, кейбір балаларда сөзжасам дағдылары қалыптаспаған жағдай бір балада кездесті: – *ші, -шы,- дай, - дей* жұрнақтарын дұрыс қолдана алмағандар (әлдидей -*әлдидай, әжемдей-әжемдай, әкемдей- әкемдай*).

Бір бала зат есімдерден зат есімді кішірейткіш жұрнақтарымен жасауында *Әмір* үй- (үйшік) *бесетка*, *жұлдыз*- (жұлдызша) *жұлдызшы*, *кішкентай жұлдыз*, *көрпе*- (көрпеше) *кішкентай көрпеше* деп өзгертіп айтты.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасамы қалыптаспауының негізгі механизмі – фонемаларды ажыратуының бұзылуы, ол өз кезегінде есту және сөздердің кинестетикалық бейнесінің анықсыздығы салдарынан сөзжасаушы формаларды ажыратудағы қиындықтарға әкеп соғады. Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасамының жетілмеуін жоюға арналған логопедиялық жұмыс онтогенездегі психологиялық функциялар мен процестердің пайда болуына сәйкес белгілі кезектілікпен іске асырылады [10]. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектеп жасына дейінгі балалар көптеген сөздердің мағынасын түсініп; олардың енжар сөздік қоры қалыптыға жақын болды. Олар сөздерді экспрессивті сөйлеу тілінде қолданып, сөздік қорын жандандыру үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Сөзжасам жүйесі едәуір қалыптасқан болып шықты, ол сөзжасамның қалыптыға жуық жағдайларын көрсетеді. Балаларда синонимдер мен антонимдерді, қатыстық сын есімдерді, абстрактілі мағынаға ие сөздерді, кейбір жалпылама сөздерді таңдауы жақсарды.

Біз жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың көрнекілік-графикалық белгілер жүйесімен қатар, тапсырмалар ретінде әдістемелік ойындар арқылы сөзжасам дағдыларын дамытуда жақсы қарқынмен, тілдің морфологиялық жүйесінің үйлесімдігіне, сөйлеу тілі дамуының жалпы бейнесінің жақсарғанын аңғардық.

Балалардың дұрыс жауаптарының көптеген санын етістіктерден етістік, сан есімнен сан есім, зат есімнен сын есім, сын есімнен зат есім сияқты жаңа сөз жасауға берілген тапсырмаларды орындау деңгейлерінен көз жеткіздік.

Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам түсініктерін, білік пен дағдыларын қалыптастыру үшін көрнекілік-графикалық белгілер жүйесімен қатар, әдістемелік тапсырма ойындарды қолдануда балаларда төмендегідей өзгерістер байқалды:

- сөзжасамның жеке элементтері және сөзжасам дағдыларының жалпы деңгейі айтарлықтай жоғарылады және қалыптыға жуық болды;
- балалардың сөзжасам процестерінде қиындық байқалмады;
- өз бетімен сөзжасау біліктері дамығандығы;
- сөзжасау біліктерін басқа жағдайда қолдану мен шығармашылық элементтерін қосу біліктері ойын әрекетінде тиімді дамығандығы.

**Қорытынды.** Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда сөзжасам дағдылары жетілмеген болғандықтан олардың байланыстырып сөйлеуі, еркін түрде сөз арқылы қарым-қатынасқа түсуі, әлеуметтенуі кедергіге ұшырайды. Аталған балаларда сөзжасам дағдыларын арнайы логопедиялық жұмыста дамытып, жетілдірумен айналысу аса маңызды. Сондықтан, біз сөзжасам дағдыларын қалыптастыруға арнап құрастырған көрнекілік-графикалық белгілер жүйесі мен ойын тәсілдерін қалыптастырушылық оқыту барысында қолдану нәтижесінде құрастырылған жүйенің тиімділігін байқадық.

Мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың тілдің сөзжасам заңдылықтарын меңгеруге бағытталған түзету жұмысы уақытылы жүргізілетін болса және біз ұсынған әдістемелер мен ойындарды дұрыс қолданатын болса, өз кезегінде жазбаша сөйлеу



тілінің бұзылыстарын алдын алуға, ана тілі пәнінен мектеп бағдарламасын тиімді меңгеруге септігін тигізеді.

Сонымен қоса, сөзжасам дағдыларының бұзылыстарын түзету процесінде арнайы мамандар қателерін түзетумен ғана шектелмей, баланың сөзжасамды толыққанды меңгеруіне жағдайлар жасауы керек. Алдымен сөзжасамдық құралдар жүйесін (категория, формалары, тәсілдері) тіл ұстарту ойындары негізінде, сөз шығармашылығын дамыту, сөз арқылы құрдастарымен, ересектермен қарым-қатынас жасауы т.б.

Арнайы мекемелердегі логопед мамандар, тәрбиешілер және ата-аналар мектеп жасына дейінгі жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен жұмыста біз ұсынған сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жолдарын қолданатын болса, балалардың сөйлеу тілі дамып, сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеуі жетіледі және әлеуметтенуіне септігі тиеді деп сенеміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. – СПб., 2007.
2. Арушанова А.Г. Речь и речевое общение детей: формирование грамматического строя речи: методическое пособие для воспитателей. – 2-е изд., испр. и доп. – м.: мозаика-синтез, 2005.- 296 с.
3. Шахнарович А.М. Проблемы формирования языковой способности //В кн.: Человеческий фактор в языке: язык и порождение речи. – м.: наука, 1991.- с. 185-220.
4. Туманова Т.В. К проблеме развития процессов словообразования у младших школьников с ОНР.// «Дефектология» №5, 2004. С.41.
5. Аяпова Т.Т. Сөйлеу онтогенезі. – Алматы: Раритет, 2003. – 280 б.
6. Тасжурекова Ж.Т., Сейсенова А.Д., Ибатова Г.Б., Оспанова А.С. Сөйлеу тілі онтогенезі барысында ана тілінің тілдік жүйесінің қалыптасу ерекшеліктері: Әдістемелік ұсынымдар/Ж.Т.Тасжурекова, А.Д.Сейсенова, Г.Б.Ибатова, А.С. Оспанова. -Алматы.: 2020. - 98б.
7. Цейтлин С.Н. Речь ребенка: стремление к идеалу//Проблемы онтолингвистики–2018 [Текст]: материалы ежегодной международной научной конференции (Санкт-Петербург, 20-23 марта 2018 года) / Российский государственный педагогический университет им. А. И. Герцена, лаборатория детской речи, кафедра языкового и литературного образования ребенка, Межвузовский центр билингвального и поликультурного образования – Иваново, 2018 – С. 11-15
8. Өмірбекова. Қ.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымауының 4 деңгейіндегі түзету жұмысы: Әдістемелік құрал / Қ.Қ. Өмірбекова. –Алматы.: Дайыр, -2014. -96б.
9. Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру жұмысы/ Г.Б.Ибатова // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика сериясы: –2020. -№ 2. 326-331б.
10. Ibatova, G., Makhmetova, A. The importance of game technology in developing the word formation skills of children with preschool speech disorder//International Journal of Special Education and Information Technologies, 2021. 1016-1028.

#### References

1. Gvozdev A.N. Voprosy izucheniya detskoj rechi. – SPb., 2007.
2. Arushanova A.G. Rech' i rechevoe obshchenie detej: formirovanie grammaticheskogo stroya rechi: metodicheskoe posobie dlya vospitatelej. – 2-e izd., ispr. i dop. – m.: mozaika-sintez, 2005.- 296 s.
3. SHahnarovich A.M. Problemy formirovaniya yazykovoj sposobnosti //V kn.: CHelovecheskij faktor v yazyke: yazyk i porozhdenie rechi. – m.: nauka, 1991.- s. 185-220.
4. Tumanova T.V. K probleme razvitiya processov slovoobrazovaniya u mladshih shkol'nikov s ONR.// «Defektologiya» 2004 №5. S.41.
5. Ayapova T.T. Sojleu ontogenezi. – Almaty: Raritet, 2003. – 280 b.
6. Tashhurekova ZH.T., Sejsenova A.D., Ibatova G.B., Ospanova A.S. Sojleu tili ontogenezi barysynda ana tilinin tildik zhyjesinin kalyptasu erekshelikteri: Adistemelik ysynymdar/ ZH.T.Tashhurekova, A.D.Sejsenova, G.B.Ibatova, A.S. Ospanova. -Almaty.: 2020. -98b.

7. Cejtin S.N. *Rech' rebenka: stremlenie k idealu//Problemy ontolingvistiki–2018 [Tekst]: materialy ezhegodnoj mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii (Sankt-Peterburg, 20-23 marta 2018 goda) / Rossijskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet im. A. I. Gercena, laboratoriya detskoj rechi, kafedra yazykovogo i literaturnogo obrazovaniya rebenka, Mezhvuzovskij centr bilingval'nogo i polikul'turnogo obrazovaniya – Ivanovo, 2018 – S. 11-15*

8. Omirbekova Қ.Қ. *Sojleu tili zhalpy damymaunyn 4 dengejindegi tyzetu zhymysy: Adistemelik kyral / Қ.Қ. Omirbekova. –Almaty.: Dajyr, -2014. -96b.*

9. Ibatova G.B. *Sojleu tili zhalpy damymagan mektepke dejingi zhastagy balalardyn sozhasam dagdylaryn kalypastyru adistemesi // Abaj atyndagy Қаз YPU Habarshysy «Pedagogika» seriyasy 2020 №2 (66)*

10. Ibatova, G., Makhmetova, A. *The importance of game technology in developing the word formation skills of children with preschool speech disorder//International Journal of Special Education and Information Technologies, 2021. 1016-1028.*

УДК 373.31  
МРНТИ 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.27>

Агеева Л.Е.,<sup>1\*</sup> Агранович Е.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет  
г. Алматы, Казахстан

## ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

### Аннотация

В статье рассматривается актуальный вопрос в современном образовании – взаимодействие участников педагогического процесса в условиях дистанционного образования, при организации которого предполагается четкая постановка цели и задач обучения, тщательное планирование деятельности, использование необходимых учебных материалов, обеспечивающих обратную связь между обучаемыми и педагогами и предоставляющих возможность группового, парного и индивидуального обучения. Авторами уточняются понятия «дистанционное обучение», «дистанционная технология обучения». Представлены результаты опроса, определения готовности родителей учащихся начальной школы взаимодействовать с педагогами в рамках реализации дистанционного обучению. Дана характеристика трем группам обучающихся в зависимости от характера отношения к учебной деятельности. Отмечены трудности, возникающие в семье, у педагогов в условиях дистанционного обучения и даны рекомендации по реализации успешного процесса обучения младших школьников.

**Ключевые слова:** дистанционное образование, дистанционная технология обучения, начальная школа, взаимодействие школы и семьи.

Агеева Л.Е.,<sup>1</sup> Агранович Е.Н.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан

## БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада қазіргі білім берудің өзекті мәселелері қарастырылды – қашықтықтан оқыту жағдайында педагогикалық үдеріске қатысушылардың өзара байланысы, оны ұйымдастыру барысында оқытудың міндеттері мен мақсаттарын нақтылау, іс-әрекетті мұқият жоспарлау, білім